Балаларға арналған автодром ойын-сауық алаңы мен жылдам тамақтану орнын ашу және жабдықтау қызметіне арналған жерді жалға алу

Орналасқан жері: Кентау қаласы, Абай даңғылы 2/4
Жер көлемі: 901,6 ш.м.

1. Тауарлар мен жабдықтарға қойылатын техникалық талаптар

Әлеуетті қатысушы төмендегі параметрлерге толық сәйкес келетін жабдықтарды жеткізуі, орнатуы және іске қосуы тиіс:

1.1. Электронды аттракциондық машиналар:

- **Техниканың габариттік өлшемдері (қауіпсіздік бамперімен бірге)**:
  - Ұзындығы кемінде 1925 мм;
  - Ені кемінде 1080 мм;
  - Биіктігі кемінде 134 мм.
- **Сыртқы дизайны**: Түстері ашық, эстетикалық тартымды, әртүрлі түсті жиынтық. Корпусы соққыға төзімді шыныпластиктен немесе соған теңестірілген материалдан жасалуы керек.
- **Қуаттандыру жүйесі**: Аккумуляторлық типті. Әр машинаға кемінде екі дана 12V (сыйымдылығы 80Ah кем емес) типті, сапасы мен сипаттамасы бойынша аккумуляторлар орнатылуы тиіс.
- **Борттық электроника**: Басқару жүйесін қауіпсіз тоқпен қамтамасыз ету үшін кернеуді 24 Вольттан 12 Вольтке дейін төмендететін түрлендіргішпен жабдықталуы шарт.
- **Қозғалтқыш**: Кернеуі 24 Вольтты тұрақты тоқ қозғалтқышы.
- **Қауіпсіздік және басқару элементтері**:
  - машина ішінде тоқ шамадан тыс жүктелгенде моторды бірден бұғаттайтын қозғалтқышты автоматты ажыратқыш болуы міндетті;
  - балалардың жасына қарай максималды жылдамдықты шектеуге арналған жылдамдық реттегіші болуы керек;
  - әр машинада балалар мен ересектерді сенімді бекітетін, реттелмелі қауіпсіздік белдіктері орнатылуы тиіс;
  - барлық машиналарды бір уақытта арақашықтықтан қосуға және авариялық жағдайда тоқтатуға арналған орталықтандырылған қашықтан қосу/өшіру пульті жиынтықта болуы шарт;
- **Гараж-тұрақ:** Машиналарды түнгі уақытта қауіпсіз сақтауға, ылғал мен шаңнан қорғауға және аккумуляторларды бір уақытта зарядтауға арналған арнайы түнгі стоянка-гаражы құрылысы қарастырылуы тиіс.
- **Ақпараттық тақталар:** Әр аттракционның кіреберісінде пайдалану ережелері, жас, бой, салмақ шектеулері, сондай-ақ ТЖД және жедел жәрдем телефондары жазылған көрнекі тақталар орнатылуы шарт.

1.2. Жылдам тамақтану аймағы:

- **Технологиялық жабдықтар**: Фритюрница, гриль аппараты, жартылай фабрикаттарды сақтауға арналған тоңазытқыш пен мұздатқыштар (барлық беттері тағамдық тот баспайтын болаттан жасалған болуы шарт).

➢ **Желдету**: Май ұстағыш сүзгісі бар, қуаттылығы асхана көлеміне сәйкес келетін автономды сору қолшатыры орнатылуы керек.

➢ **Құрылыс ғимараты** жеңіл конструкцияланған материалдарға рұқсат етіледі (эскиздік жобасы тапсырыс берушіден келісім алуы қажет).

2. Әлеуетті қатысушыға қойылатын біліктілік талаптары

Конкурсқа қатысушы заңды түрде мына талаптарға сай болуы керек:

2.1 Стандарттарға сәйкестік: Жеткізілетін аттракцион жабдықтары **«Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы»** техникалық регламентіне сәйкес келуі және тиісті сәйкестік сертификаты немесе декларациясы болуы тиіс.

2.2 Лицензиялар мен рұқсаттар: Тамақтану аймағын іске қосу үшін ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес СЭС органдарына қызметтің басталғаны туралы хабарлама беру мүмкіндігі/тәжірибесі болуы шарт.

3. Орындау және жеткізу мерзімдері

ҚР заңнамалық актілеріне және мемлекеттік тіркеу мерзімдеріне сәйкес, жобаны толық іске асырудың мерзімі: конкурс қорытындысы бойынша келісімшарт ресми тіркелген сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспауы тиіс (жабдықтарды жеткізу, құрастыру, гараж тұрғызу және тамақтану аппаратурасын орнату, аккредиттелген зертхананың техникалық куәландыруынан өткізу және акт алу, жергілікті атқарушы органда аттракционды ресми есепке қойып, пайдалануға рұқсат алу және т.б.).

4. Іске асыру мерзімі

Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нысан СЭС пен ТЖД (Өрт қауіпсіздігі) талаптарына сәйкестендірілгеннен кейін іске қосылады.